

Жоба тақырыбы:Топтық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі

Жоба жетекшісі:

Атбасар қаласы

№7 қазақ орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі Ауезова Зәмзәгүл Тұрғанқызы

Топтық жұмыстың мақсаты:



Оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі

«Топтық жұмыс» термині - өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы.

Топтық жұмысты жүзеге асыру мақсаты

Әлеуметтік

- Тәжірибемен және идеялармен алмасу;
- Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
- Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

Танымдық

- Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;
- Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

Эмоционалдық

- Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;
- Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету

Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары

- Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады
- Жаппай оқытуға қарағанда, ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады
- Жұмыс атмосферасын қалыптастыру
- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады
- Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады
- Өзіне сын көзбен қараушылық артады, құрбылармен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай және жақсы бақылай алады
- Өмірге қажетті дағдыларды үйренеді



Топтық жұмысты ұйымдастырудың кемшілігі



- Топ мүшелерінің көп болуы;
- Енжар адамдардың көптің көлеңесінде қалып қоюы;
- Бір топтың шуылының екінші топқа әсері;
- Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындап үлгермеуі;
- уақытты белгілеу жекебастың берекесіздігіне әкеліп соғуы;
- Шығармашылық жұмыс аяқсыз қалады;
- Бір топ жұмысты қорғап жатса, басқа топ мүшелері өз жұмыстарын аяқтап жатумен шұғылданады
- Білім деңгейі бірдей оқушылар тобы бір топта жұмыс жасауы;
- Жақсы оқитын оқушылардың нашар үлгеретін оқушылардан жоғары тұруы;

Топты жұмыс арқылы қандай іс-әрекет жүзеге асады



Топ пен топ арасындағы іс-әрекеті

Топ ішіндегі іс-әрекеті

Оқушы мен оқушы іс-әрекеті

Оқушы мен мұғалім іс-әрекеті

- Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді ?



- Келесі жолы біз не істеуге



- Топтық жұмыс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді (екеуі де болуы ықтимал) ?



- Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы топтық жұмыстың қандай аспекті(лері) түзетілуі керек ?



• Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді ?



- Оқушылардың ой ұшқырлығы пайда болды, бір-біріне деген сенімі артты
- Оқушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінді.
- Басқа топтардың жұмыстарын тыңдап олардың мүмкіншіліктерін салыстырып анализ жасай алды.
- Бақылаудың нәтижесінде өте тұйық және көшбасшы оқушылар анықталды.

• **Топтық жұмыс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді (екеуі де болуы ықтимал) ?**



- Оқушылардың көбі жаңа келгендіктен топта жұмыстау дағдылары жетіспеді
- Берілген уақытты тиімді пайдалана алмауы
- Бағалау тәсілдерін қолданғанда, Мысалы: оқушылардың өзін-өзі объективті бағалай алмауы

• Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы топтық жұмыстың қандай аспекті(лері) түзетілуі керек ?



сабақтың уақытын мөлшерлеу және уақытты бөлудің орындылығы



Өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау әдісін үнемі қолдану



Мұғалімнің әдістемелік шеберлігі, кері байланыс түрлері



Оқушының өзін реттеу.